

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

3. Бурдые П. Формы капитала // Экономическая социология. 2002. Т. 3. № 5. С. 60-68.
4. Статья «Число прибывших в Казахстан на ПМЖ превысило число уезжающих из страны впервые за 12 лет». [Электронный ресурс]. – URL: <https://informburo.kz/novosti/cislo-pribyvsix-v-kazakhstan-na-pmz-prevysilo-cislo-uezzayushhix-iz-strany-vpervye-za-12-let>
5. Статья «Роль и значение отношений с матерью для становления и развития личности ребенка (к постановке проблемы)». [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.b17.ru/article/19501/>
6. Bourdieu P. Outline of a Theory of Practice. Cambridge: Cambridge University Press, 1977. 248 p.
7. Ногойбаева А., Шайхутдинов Т., Казакбаев У., Зубенко А. Гражданская идентичность молодежи и межэтнические отношения / Общественное объединение «Гражданский союз». – Бишкек, 2017. – 24 с.

ӘОЖ 316.42

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Нұртай Гүлсайран**

[g.makhasheva@gmail.com](mailto:g.makhasheva@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана  
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Заманауи цифрлық технологиялар адамдардың күнделікті өмірінде маңызды орын алады. Ғаламтордың, мобилді қосымшалардың және әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы өзара коммуникацияның, білім мен жұмыстың цифрлануына алып келді. Цифрландыру процесі қызмет көрсету, бизнес, медицина, білім беру салаларының онлайн форматқа көшуіне ықпал етті. Осыған сәйкес көптеген елдерде ұлттық тілдің цифрлық қосымшаларға интеграциялануы маңызды мәселелердің біріне айналды.

Елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанымен, технологиялар орыс және ағылшын тілдерінде белсенді кеңінен қолданылады. Осыған орай, мемлекет басшысы жаһандық цифрлық платформаларды қазақ тіліне аудару қажет екенін мәлімдеді. Бұл ретте, қазақ тілін қолдану аясын кеңейтуге бағытталған практикалық жұмыстарға ерекше назар аударылады. Әсіресе білім беру, технология және медиа салаларында ұлттық тілдегі контент пен цифрлық өнімдердің үлесін ұлғайту қажет. Тілдерді үйренуге көмектесу үшін отандық ақпараттық жүйелерді жаңарту және шетелдік цифрлық платформаларды біртіндеп қазақ тіліне аудару - басты міндеттердің бірі [1].

Қазақ тілін цифрлық платформаларға интеграциялаудағы қиындықтардың бірі – қазақ тіліндегі контенттің тапшылығы. Ал технологияның күн санап дамуы тіліміздегі ақпаратты цифрлық форматта ұсынуды талап етеді. Қазақ тілінде сапасыз жасалған сайттар, қосымшалар мен қызметтер қазақ тілді тұтынушылар үшін қиындық тудырады және олардың кейбір ақпаратқа қол жеткізе алмауына әкеледі.

Мемлекеттік тілді меңгерген адам саны көбейгенімен, қазақ тіліндегі контенттің жетіспеуі немесе сапасының төмендігі өзекті мәселе болып отыр. Респонденттердің жауаптары мемлекеттік тілде білім беру мазмұнын ұсынатын қызметтердің басым бөлігінің сапасы орташа және орташадан төмен деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді [2].

Қазақ тіліндегі оқырмандардың өздеріне қажетті ақпаратты таба алмауы олардың өзге тілдерге өтіп кету ықтималын арттырады. Біраз уақыттан кейін қазақ тіліндегі дүниені іздеушілер қатары сирей бастауы мүмкін. Себебі, ағылшын тіліндегі мазмұнды тұтынуға мүмкіндік мол. Осы тұрғыда қолданыс аясы тар тілдердің бәсекеге қабілетті болуы өте қиын. Ол көп күш пен уақытты, қаржыны талап етеді. Дегенмен бұл технологиялар – осындай үлкен

бәсеке алаңындағы жақсы мүмкіндік. Егер оны тиімді қолданып, белсенді жұмыс жасай алсақ, цифрландыру арқылы тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге болады.

Жоғары технологиядағы қазақ тілінің орны туралы кейбір сарапшылардың пікірінше, қазақ тілі әзірге банк саласында, IT мамандары ортасында және тұтастай алғанда инфлюенсерлер әлемінде жұмыс тілі болып саналмайды. Қазақ тіліндегі контент үлесі ұлғайған жағдайда да оның дамуында теңгерімсіздік сақталады. Мәселен, БАҚ-тағы мәтіндік және мультимедиялық ақпараттың шамамен 30% ғана мемлекеттік тілде ұсынылған. Бұл, әсіресе, хайтек және инновация саласында айқын көрінеді [3].

Цифрлық технологияларда қазақ тілін қолданудың инфрақұрылымдық дамуының жоқтығы - тағы бір мәселе. Мысалы, қазақ тілінде жасалған әрбір машиналық аударма дәл және жоғары сапада бола бермейді, бұл қате түсіндіруге әкелуі мүмкін. Сондықтан, операциялық жүйелердің, қосымшалардың және интернет ресурстарының қазақ тілін қолдауы өте маңызды [4]. Сарапшылар ЖИ көмекшілерінің қазақ тілінде жақсы сөйлеуі үшін ең күрделі міндеттерді орындай алатын қазақ тіліндегі идеалды тілдік модель, яғни ЖИ машиналарын оқытуға қажетті тіл қорын қамтамасыз ету қажет деп есептейді. Бұл ретте, логикалық тізбекті жасайтын лингвистер мен оларды кодқа оңтайландыратын айтишниктер қажет.

Қазіргі заманғы көптеген ірі әрі табысты компаниялар, соның ішінде «Alphabet», «Apple», «Microsoft» және «Meta» жасанды интеллектіні дамытуға өте үлкен күш және қаржы жұмсап жатыр. Ондағы мақсат – қызмет сапасын жақсарту әрі бәсекеде озық болу. Ал біздің еліміздегі ЖИ-дің даму қарқыны өте баяу. Нейрожелінің шексіз мүмкіндіктері айтылғанымен, тәжірибеге дендеп еніп кете қойған жоқ. Әсіресе қазақ тіліндегі алгоритм кенжелеп тұр. Әзірге ChatGPT-дің ана тіліміздегі сауаты өте төмен. Алайда оны дамытуға деген талпыныстар бары қуантады. Мәселен, Qazaq AI платформасы жақында өзінің «JASANDY» жобасын жасап шығарды. JASANDY – ChatGPT мүмкіндіктерін қазақ тілінде пайдалануға арналған қосымша. Сол арқылы ChatGPT-ді қазақша тегін қолдануға болады. Бұл – «Qazaq AI» платформасының жасап жатқан көптеген жобасының бірі. Бұған қоса платформада SozimAI – мәтінді сөзге айналдыратын ЖИ дыбыс генераторы, AdemiAI – мәтінді суретке айналдыру ЖИ генераторы, BalamAI – балалардың білімі мен дамуына арналған ЖИ платформасы, DamysAI – техникалық даму платформасы, KorkemAI – мәтінді бейнеге айналдыру генераторы, BilimAI – білім мен ғылымға арналған ЖИ қызметі бар.

Күнделікті өмірде жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялардың рөлі күшейген сайын, тілімізді осы технологияларға интеграциялау көптеген мүмкіндікті ашады. Бұл қазақ тілінде сөйлейтіндердің мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, мәдениетаралық өзара байланыстың нығаюына, білім алмасуға және жаһандық ынтымақтастыққа ықпал етеді. Бұдан бөлек, қазақ тілін жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялар платформаларына енгізу арқылы оның өзектілігі мен өміршеңдігін әлемге таныта аламыз [5].

Цифрлық платформалардың қазақ тілінің қолданылуына әлеуметтік-мәдени ықпалы - маңызды элемент. Технологияның, цифрландыру процестерінің дамуы тілдік жүйеге айтарлықтай әсер етіп, жаңа терминдердің пайда болуына, лексикалық өзгерістер қарқынын жеделдетуге және жаңа тіл қабатын құруға әкелді. Цифрландыру үдерісіне қатысты қазақ тіліне біраз жаңа сөздер енді, оның ішінде ағылшын тілінен тікелей енген терминдер бар, мысалы: digital ID, face ID, bigdata, фронт-офис, мобилдік банкинг, смарт қала, STEM (Science, technology, engineering, andmathematic) және т.б. [6].

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі міндеттерінің бірі - Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау. Қазақ тілі заманауи болуы және қоғамның сұраныстарына жауап беруі үшін оның цифрлық кеңістіктегі қолданыс сапасы жоғары және контенті кең болуы керек. Ол үшін ең алдымен әдеби тілде сөйлейтін, ауызша және жазба қазақ тілін түсінетін, соған сәйкес жауап бере алатын ақылды қосымшалар, қазақтілді жасанды интеллект қажет. Ол үшін, ең алдымен, қазақ тілін цифрландыруды жүзеге асыру керек. Әрбір жасанды интеллект негізінен тілдік модельдерге негізделген. Қазақ тілін цифрландыру адам санасына түсінікті ақпаратты жүйелеу мен берудің оңтайлы құралы болатын қазақша жасанды интеллектіні әзірлеуге мүмкіндік

береді. Бүгінгі Қазақ тілінің ұлттық корпусы ресурсында 40 миллион сөзқолданыстық электронды ақылды мәтіндер базасы бар. Сайт [qazcorpus.kz](http://qazcorpus.kz) деп аталады. Ол сайтқа кіріп, іздеген сөздің корпус базасындағы барлық мәтіннің контексіне қол жеткізе аласыз. Ол сөздің түбірі қандай, қазақ тілінде қанша мағынасы бар, сөзжасамдық құрамы қандай, ол сөз туралы жалпы семантикалық ақпарат алып, контексте сол сөздің қандай грамматикалық формалардың жалғануы арқылы жасалып, қандай дыбыстардан құралып тұрғанын білуге болады [7]. Салыстыратын болсақ, орыс тілінің ұлттық корпусында 1 миллиардқа жуық сөз қолданыстан тұратын электронды ақылды мәтіндер базасы бар.

Қазіргі таңда, қазақ тілі цифрлық кеңістікке толықтай шығу үшін Google, Microsoft, Amazon секілді ірі компаниялармен келіссөз жүргізіліп, мобилді қосымшаларды қазақ тіліне аудару жұмысы жүргізілуде. Соның ішінде Wikipedia ғаламдық платформасын қазақшалау, Google жүйесіне қазақ тілін қосу, Ted-лекциялар платформасын қазақ тіліне аудару секілді бірқатар жобалар іске асырылуда. Одан бөлек, Kitar деп аталатын Қазақстандағы ең ірі онлайн кітапхана жүйесі жасалды.

Сондай-ақ, елімізде онлайн сауда жүргізу, халыққа банктік қызмет көрсетуде көшбасшы ретінде IT технологиялардың жетістіктерін қолданып, халыққа онлайн сауда, банктік қызметтерді ұсынып отырған - Kaspi.kz қосымшасы. Қазақстан бойынша kaspi.kz банкоматтарында 2023 жылдан бастап негізгі қызмет көрсету тілі – қазақ тіліне толықтай ауысты. Бұрын kaspi.kz банкоматтарында ақпарат бірінші кезекте орыс тілінде тұратын, банкоматты қолданушы қажеттілігіне байланысты орыс тілінде тұрған тілді қазақ тілін таңдау арқылы өзгерте алатын. Қазір банкоматта бірден қазақ тілінде ақпарат шығып тұрады. 2022 жылдың соңына қарай Қазақстандағы бизнес иелері орыс тілінде ғана қызмет көрсетіп жүріп, бірден қазақ және орыс тілдерінде қатар қызмет көрсетуге көшу үдерісі байқалды [6]. Бұлар кең қолданылатын платформалардың қазақша сөйлеуін, жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар.

Жақында өткен DigitalAlmaty 2024 халықаралық цифрлық форумында Қазақстанда қазақ тілінде іздеу үлесінің күннен күнге артып келе жатқаны айтылды. Соңғы жарты жылда бұрынғыға қарағанда сұраныс екі есе өсіп, тіпті күнделікті 15% жеткен [8]. Осы форумда Яндекс Қазақстан платформасының қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі атап өтілді. Соңғы жылы қазақ тілінің танымалдылығының артуына Яндекстің енгізген жаңа функциялары түрткі болған. Мәселен, қосымшалар мен браузерлерде қазақ тілін «Алисаға» интеграциялау жүргізілді. «Яндекс Карта» қазақшаға аударылды. Такси жүргізушілері бағыттаушыны мемлекеттік тілде тыңдай алады. Бағыттаушы қолданбасында топоним, ұйым атаулары ғана емес, интерфейс және маршрутпен жүруге көмектесетін дауыстық кеңестер аударылды. Мемлекеттік тілдің қосылуы, елдегі қазақ тілін білетін және оны күнделікті өмірде қолданатын тұрғындар үшін бұл қызметті бұрынғыдан да ыңғайлы етеді. Дәл қазір оны елде 2,3 миллионнан астам адам пайдаланады.

Қазақ тілін цифрлық әлемге қосу жолындағы тағы бір қадам - «Coursera» қазақ тілінде» жобасы аясында әлемнің ең үздік профессорларының курстары қазақ тіліне аударыла бастады. Бұл – білім сапасын көтеру тұрғысынан алғанда өте маңызды бастама. Осы жоба аясында 654 курс қазақшаға аударылып, еліміздегі 25 өңірлік жоғары оқу орнының студенттеріне ұсынылады.

Қазақ тілін цифрлық платформаларға интеграциялау тіліміздің танылуына, белсенді пайдаланылуына және қазіргі заманғы коммуникация құралдарына толық енуіне ықпал етеді. Сонымен қатар жас ұрпақты тіліміздің маңыздылығы мен бірегейлігі туралы білуге, оны үйренуге және қолдануға ынталандырады. Осылайша, қазақ тілін дамыту үшін цифрлық технологияларды пайдалану оның әлемнің динамикалық тілдік контексіне интеграциялануына ықпал етеді, жаһандық қоғамдастықпен байланысымызды нығайтады және географиялық кедергілерді еңсереді. Тіл мамандары, бағдарламалық жасақтама әзірлеушілер, дизайнерлер мен әлеуметтанушылар біріге отырып жүзеге асырылуы тиіс күрделі және көп қырлы процесс ретінде тіліміздің дамуына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, стратегиялық жоспардың маңызды мақсаттарының біріне айналды. Бұл ауқымды

жұмысты іске асыру үшін тіл ерекшеліктерін, тұтынушы талаптарын және цифрлық технологияны дамытудың ауқымы мен тенденцияларын ескеру қажет.

Қазақ тілін цифрлық платформаларға интеграциялауды талдай отырып, жаңа цифрлық ортадағы тілдің дамуы мен қызмет көрсету процестерін тереңірек түсінуге болады.

Қазақ тілін цифрлық платформаларға сәтті кіріктіру үшін цифрлық технологияларда тілді қолдануға қолайлы жағдай жасау, пайдаланушылардың қажеттіліктері мен қалауы бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу, интернетте тілді қолдауға арналған арнайы жобалар мен бағдарламалар жасау қажет.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алтаева Т. «Жаһандық цифрлық платформаларды қазақ тіліне аудару қажет – Тоқаев»// ГолосНарода, 2023. - <https://golos-naroda.kz/21135-neobkhdimo-perevesti-globalnye-tsifrovye-platforny-na-kazahskii-iazuk-tokaev-1697117647/>.
2. Петров Б.С., Есдаулетов А.О., Сайдиқаримов А.Ф. Казахскоязычный медиаконтент как фактор укрепления национальной идентичности //Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, №2, 2023, 8-б.
3. Ниязов Р, «Когда казахский язык станет языком высоких технологий?»//ER10.kz, 2023. - <https://er10.kz/read/analitika/kogda-kazahskij-jazyk-stanet-jazykom-vysokih-tehnologij-razmyshlenija-it-redaktorov-kazahstana/>
4. Глазырина Н.С., Кинтонова А.Ж. Мобильное приложение цифрового образовательного ресурса для изучения казахского языка, 2018.
5. Уәлибек Д. «Қазақ тілінің болашағы – жасанды интеллект саласында»// Turkystan.kz, 2023 -<https://turkystan.kz/article/230764-aza-tilini-bolasha-y-zhasandy-intellekt-salasynda>.
6. Серікбаева А. Қазақстанды цифрландырудағы мемлекеттік тілдің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері// Tiltanym, № 3 (91) 2023 -188-б.
7. Фазылжан А. Қазақ тілін цифрландыруымыз керек //TilAlemi.kz, 2023 - <https://tilalemi.kz/kz/news/qazaq-tilin-syfrlandiruimiz-kerek-anar-faziljan.html>.
8. Казахский язык становится все популярнее в поисковых запросах Яндекса, 2024 [https://alfa.kz/node/12299/kazahskiy\\_yazik\\_stanovitsya\\_vse\\_populyarnee\\_v\\_poiskovih\\_zaprosah\\_yandeksa](https://alfa.kz/node/12299/kazahskiy_yazik_stanovitsya_vse_populyarnee_v_poiskovih_zaprosah_yandeksa).

ӘОЖ 316.334.5

## ТЕХНОГЕНДІК ЖӘНЕ ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ ҚОҒАМ МЕН ЭКОНОМИКАҒА ЫҚПАЛЫ

Нұрмағанбет Гүлдарина Ерланқызы

[d\\_nurmaganbetova@mail.ru](mailto:d_nurmaganbetova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Табиғи және техногендік тәуекелдер - үлкен қауіптің көзі және адамдардың өміріне, мемлекеттің дамуына кедергі жасайды. Адамзаттың Ұлттық қауіпсіздік саласындағы барлық жетістіктеріне қарамастан, әлем халқы осындай апатты оқиғаларға барған сайын осал болып келеді, бұл табиғи апаттар мен техногендік апаттардың жиілігі мен күшінің арту тенденциясымен түсіндіріледі. Табиғи және техногендік апаттар әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығына тікелей ықпал етеді, себебі табиғат пен адамның өзара әрекеттесуі кезінде экологиялық, әлеуметтік және экономикалық жүйелер арасындағы тепе-теңдікті бұзуынан материалдық және адами шығындар пайда болады [1;1246б].